

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ЖАҚСARTU МАҚСАТЫНДА ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТҰТЫНУШЫЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА АШЫҚ САЯСАТ ЖҮРГІЗІП КЕЛЕДІ.

Даир КӨШЕРОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның қаржы жөніндегі басқарушы директоры



№37 (2967)
30/04/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

НОВЫЙ ТРАНСПОРТНЫЙ ХАБ В СЕРДЦЕ ПОДМОСКОВЬЯ

АО «НК «ҚТЖ», АО «Славтранс-Сервис» (РФ) и китайская компания Xian Free Trade Port Construction and Operation Co., Ltd дали старт строительству нового транспортно-логистического центра CRK Terminal на станции Селятино (Московская область, РФ).

В рамках торжественного запуска строительства состоялась отправка контейнерного поезда HUB to HUB (от хаба к хабу) со станции Селятино в Сиань, состоящего из 53 контейнеров.

Ключевой логистический узел призван развивать прямое транспортное сообщение между казахстанско-китайским терминалом в г. Сиань (КНР), Россией и другими странами. Реализация проекта даст ряд преимуществ по перевалке и обработке грузов, в том числе для казахстанских грузоотправителей, положительно отразится на сроках доставки, будет способствовать среднесрочному и долгосрочному планированию контейнерных перевозок. Совместное предприятие позволит максимально задействовать потенциал участников проекта и расширит спектр оказываемых услуг по логистике и терминальной деятельности.

Напомним, в 2023 году объем транзитных перевозок грузов железнодорожным транспортом через Казахстан по направле-



нию Китай – Россия и обратно составил 3,8 миллиона тонн (рост 35% к 2022 году). В первом квартале 2024 года транзитные перевозки по направлению Китай – Россия – Китай сохраняются на уровне 2023 года – 0,9 миллиона тонн.

– Данный проект даст старт, импульс соединению двух терминалов в Китае и России с прохождением через Казахстан. Это как раз позволит нам усилить и поддержать инициативу «Один пояс – один путь», – отметил генеральный директор АО «КТЖ Express» Дамир Кожакметов.

В свою очередь представители китайской стороны также отмечают ряд преимуществ стратегического партнерства. Ведь совместное предприятие позволит участникам максимально расширить спектр оказываемых услуг.

– Это очень важный для трех стран проект. Благодаря строительству транспортно-логистического центра и системе HUB to HUB мы увеличим эффективность перевозок и

оптимизируем логистические расходы. В 2013 году Президент КНР Си Цзиньпин выдвинул крупную инициативу совместного строительства «Один пояс – один путь» в Астане. Этот проект станет



продолжением инициативы, важной логистической хабовой базой для трех стран. Многие категории товаров будут проходить из Подмоскovie через Казахстан и прибывать в Сиань намного быстрее, создавая еще более удобный и стабильный торговый канал, – говорит секретарь парткома международного порта Сиань Сунь Иминь.

Помимо руководства ҚТЖ, в торжественной церемонии закладки капсулы в его основание приняли участие губернатор Московской области Андрей Воробьев, губернатор китайской провинции Шэньси Чжао

Ган. Новый терминал войдет в состав ТЛЦ «Селятино». По словам губернатора Московской области, для Подмоскovie тема логистики, транспортного сообщения, создания рабочих мест, инвестиций – все это принципиально важно. В состав нового многофункционального логистического комплекса войдут мультитемпературный склад площадью

65 тысяч квадратных метров, контейнерные площадки на дополнительные три тысячи TEU (20-футовых контейнеров), площадки для хранения до 10 тысяч легковых автомобилей, а также три километра дополнительных железнодорожных путей. Завершить работы планируют уже в следующем году.

Также спикер отметил, что после реализации второй очереди через ТЛЦ «Селятино» будет проходить 40% всего экспорта агропромышленного комплекса Подмоскovie. А экспорт с Китаем увеличится вдвое – со 180 до 550 тысяч тонн. Будет создано 1,5 тысячи новых рабочих мест.

К слову, в отправившийся в этот день из Селятино в китайско-казахстанский логистический терминал, расположенный в городе Сиане, контейнерный поезд вошел такой широкий спектр наименований грузов – от кондитерских изделий до строительных материалов. – Транзит через Казахстан обеспечивает ҚТЖ, отправку поездов с получением мер господдержки осуществляет Сианьский порт, расположенный в провинции Шэньси. Исторически это начало Шелкового пути, центр Китая, куда свозится продукция с основных товаропроводящих регионов, – рассказал председатель совета директоров АО «Славтранс-Сервис» Андрей Голландцев. – Сейчас мы уже создали контейнерную площадку и приступаем к строительству склада для консолидации готовой продукции в обратную загрузку. «Селятино» станет местом притяжения экспортеров.

Почти 15% поставок из Московской области в другие страны – это продукция АПК. Регион занимает первое место в РФ по экспорту молочных продуктов, мяса, напитков, переработанных овощей и фруктов. Например, в прошлом году в 24 раза вырос экспорт подмоскovie мороженого в КНР.

Асель ШАЙХЫНОВА
Фото Ольгаса АХМЕТОВА
Астана – Москва – Астана

ИЗ СИАНЯ В АЛМАТЫ



Вопросы организации запуска международного туристического пассажирского поезда из города Сианя в Алматы обсудили в ходе рабочей встречи руководители АО «НК «ҚТЖ», АО «Пассажирские перевозки» и делегации правительства города Сианя (КНР).



Курсирование туристического поезда будет осуществляться через пограничный переход Хоргос – Алтынколь по расписанию пассажирского поезда № 103/104 «Урумчи – Алматы-2».

На станции Алматы-2 состав будет находиться несколько дней. За это время пассажиры смогут насладиться достопримечательностями южной столицы Казахстана, для этого казахстанская сторона окажет помощь в организации культурных мероприятий на железнодорожном вокзале.

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТЕН ШЫҚҚАН



«Алматы-Петропавл» бағытында қатынайтын жолаушылар пойызында 12 вагон жаңаларына ауыстырылды. Жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын жекеменшік тасымалдаушы – «Түрксіб Астана» ЖШС.

Жолаушылар вагондары «ЗИКСТО» АҚ отандық зауытында жасалған. Олар ауаны баптау жүйесімен, ауаны газарту сүзгілерімен, түтін датчиктерімен, биодеретханалармен, сондай-ақ тамбурлардағы бейнебақылау жүйесімен жабдықталған. Купеде электр розеткалары мен USB қосқыштары бар. Алдағы уақытта тағы 10 жолаушылар вагоны жеткізіледі деп жоспарланып отыр.

Жолаушылар үшін қолайлы мұндай вагондар Петропавлдағы «ЗИКСТО» кәсіпорнында бытырдан бастап шығарыла бастаған. Өткен жылдың қыркүйек айында кәсіпорынның заманауи үлгідегі алғашқы 50 вагоны ҚТЖ бойынша жолаушы тасымалдауға жіберілді. Плацкарт және купе түрінде шығарылған өнім барлық талаптарға жауап береді. Оның ішінде душ, желдеткіш, мүтедек жандарға арналған бөлек орын, түтін дабылқақшышы мен биодеретхана және тағы басқалары бар. Жаңа вагондар Қарағанды-Жезқазған, Атырау-Маңғыстау, Атырау-Ақтөбе бағыттарында қатынап жүр. Отандық өндірістен шыққан мұндай вагондардың бірнешеуі Алматы-Маңғыстау, Алматы-Өскемен бағытында да қатынап жүр. «ЗИКСТО» АҚ өндірген вагондар аса тәзімді. 40 жылға дейін мүлтіксіз қызмет көрсете алады. Тапсырыспен жасалған бұл вагондар жеделдігімен де тиімді. Сағатына 160 шақырым жылдамдыққа ілеседі. Вагондар ыңғайлы да жайлы, ұсақ-түйекке дейін бәрі ескерілген.

Петропавлдағы өндіріс ошағы мен көлік министрлігі арасындағы әріптестік қарым-қатынас мұнымен тоқтамай, биыл іргелі зауыт таспырыс аясында алғашқы партиядан 3 есе көп вагон шығаруды жоспарлап отыр. Өткен жылы күзде зауыттан тағы 100 вагон сатып алатын. Ал осы жылы жаңа вагондардың қатарын 157-ге жеткізу көзделуде.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ



Елена ГЕНЕРАЛОВА,
ведущий библиотекарь станции Есиль:

В 2019 ГОДУ В ТЕХНИЧЕСКОЙ БИБЛИОТЕКЕ СТАНЦИИ ЕСИЛЬ БЫЛА ВНЕДРЕНА НОВАЯ УСЛУГА – ЭЛЕКТРОННАЯ КОЛЬЦЕВАЯ ПОЧТА, КОТОРАЯ ПОЗВОЛЯЕТ БЫСТРО И АДРЕСНО РАССЫЛАТЬ РАБОТНИКАМ УЗЛА ПЕРИОДИЧЕСКИЕ ИЗДАНИЯ В ЭЛЕКТРОННОМ ВИДЕ. СЕГОДНЯ ОНА ОБСЛУЖИВАЕТ ОКОЛО 200 РАБОТНИКОВ ФИЛИАЛОВ И ДОЧЕРНИХ ОРГАНИЗАЦИЙ АО «НК «ҚТЖ» СТАНЦИИ ЕСИЛЬ, А ТАКЖЕ ПЕНСИОНЕРОВ И ВЕТЕРАНОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ТРАНСПОРТА

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛҒЫ ҚАНТАР-НАУРЫЗ АРАЛЫҒЫНДА ЕЛІМІЗДЕН ҚЫТАЙҒА ТАСЫМАЛДАНҒАН ЖҮК ЭКСПОРТЫ ӨТКЕН ЖЫЛҒА ҚАРАҒАНДА

21,1%
ӨСКЕН.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ
ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІМЕН ЖҮК
ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ

70,7 млн
тоннаны
ҚҰРАҒАН.

Көкейкесті

МАҚСАТ – ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН АРТТЫРУ

Халықаралық еңбек ұйымының бастамасымен жыл сайын 28 сәуірде Дүниежүзілік еңбек қорғау күні атап өтіледі. Биылғы еңбек қорғау күнінің басты тақырыбы «Климаттың өзгеруінің еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасына әсері» деп аталады.



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

Атаулы күнге орай «ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелері мен өндірістік кәсіпорындарында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Мақсат – өндірістік ортада қауіп-қатермен бетпе-бет еңбек ететін теміржолшылардың құқықтарын қорғау, олардың әлеуметтік қорғалуын және еңбек қауіпсіздігін арттыру мәселелеріне назар аудару. Тақырып аясында еңбек қорғау саласындағы мамандар мен кәсіподақтардың қатысуымен пікірталас отырыстары, нақты мәселелер бойынша дөңгелек үстелдер, марапаттау жиындары өткізілді.

Компанияның бас инженері Рамазан Садырқұлов осы ретте еңбек қорғау жүйесіне қатысты басты мақсат – теміржолдағы жұмысты нәлдік жарақаттану деңгейіне жеткізу екенін атап өтті.

– Бұл бағыттағы жұмыстардың басты мәні – профилактика. Компанияда «Қауіпсіздіктің мінез-құлық диалогы», «Қауіпті тоқтат!», «Салдары жоқ оқиға» сынды түрлі бағдарламалар жүзеге асырылуда. Дүниежүзілік еңбек қорғау күні қарсаңында ҚТЖ-ның барлық құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарында ақпараттық іс-шаралар өткізілуде, оның басты мақсаты – қоғамның назарын қауіпсіз еңбек жағдайы мен денсаулықтың

маңыздылығына аудару, – дейді бас инженер.

Жұмысшылардың еңбек жағдайы мен әлеуметтік ахуалын жақсартуды көздейтін кәсіподақтар бастамасымен жер-жерде жұмыс берушілердің қатысуымен жиындар өтіп, техникалық инспекторлар мен еңбек қорғау инженерлерінің есебі тыңдалуда. «Қазкөліккәсіп» ҚБ ұйымдастыруымен Семейде, Қостанайда және Астанада атаулы күнге орай семинарлар өтіп, еңбек қорғау жағдайына байланысты мәселелер көтерілді.

2003 жылдан бастап жарияланған Дүниежүзілік еңбекті қорғау күнін бүгінде әлемде 175 ел атап өтеді, соның ішінде Қазақстан да бар.

Тақырыптың жалғасы 2-3 беттерде...

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Алматыдағы М. Тынышпаев атындағы АЛТ университетінде «Көліктегі инновациялық технологиялар: білім, ғылым, өндіріс» атты IV халықаралық конференция өтті. Іс-шара қазақтың тұңғыш теміржолшы-инженері Мұхаметжан Тынышпаевтың 145 жылдығы мен Қазақ темір жолының 120 жылдығына арналды.



Ұлан ОРАЗ,
Астана

Маңызды іс-шараға көлік-логистика және телекоммуникация саласындағы жетекші кәсіпорындардың мамандары, бизнес-қоғамдастық өкілдері, Қазақстанның, Қытай мен Ресейдің білім және көлік саласындағы мамандары, мәжіліс депутаттары, ғалымдар, PhD докторанттар, оқытушылар, аспиранттар, магистранттар

және ЖОО студенттері қатысты.

Конференция мақсаты – өзара тәжірибе, зерттеулер, заманауи әдістер алмасу, студенттердің кәсіби машықтарын жетілдіру. Жиында көліктегі сандық жүйелерді дамытудың бөлік мәселелері, телекоммуникациялық байланыс жүйелерін дамытудың мәселелері мен перспективалары, электр энергетикасындағы сандық технологиялар, логистикадағы инновациялық технологиялар, тасымалдау процесіндегі инновация-

лар, автомобильдер мен жол техникасы, теміржол жылжымалы құрамын жобалау, пайдалану және жөндеу, құрылыс инженериясының өзекті мәселелері сөз болды. Көліктегі инновациялық технологиялар және оның өндірістегі рөлі жайлы маңызды баяндамалар жасалды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ бас инженері Рамазан Садырқұлов конференцияға онлайн түрде қатысып, маңызды іс-шараның жұмысына сәттілік тіледі. Конференцияда Қазақстан-

ның теміржол тарихында орны бөлек тұлға Мұхамеджан Тынышпаевтың саланы дамытуға қосқан үлесі туралы бірнеше баяндама жасалды. Орталық Азиядағы теміржол инфрақұрылымының дамуына өзіндік үлесін қоса отырып ол еліміздің экономикалық және мәдени тұрғыда дамуына септік еткен мемлекет қайраткерінің Түрксіб теміржолының құрылысы мен жобалауына қатысқан еңбегі айрықша аталды. Еуропалық үлгіде техникалық білім алған қазақтың тұңғыш жоғары білімді теміржол инженерінің бойындағы бірегей білімі мен қабілетіне қоса көшбасшылық қасиеттері оны мемлекеттік деңгейдегі қайраткер дәрежесіне көтергені айқын. Іс-шара барысында көлік-логистика саласына еңбегі сіңген бірқатар азаматтар «М.Тынышпаевтың 145 жылдығы» төсбелгісімен марапатталды.

ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ ОРНАТЫЛДЫ

Түркістан облысындағы Манкент станциясында Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне орай ұйымдастырылған шаралар легі апта емес, айға ұласты. Станция бастығы Қуаныш Тебевтің түсіндіруінше, мұндағы теміржолшылар қауіпсіздік талаптарын сақтауды тазалыққа ден қоюдан бастаған.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Түркістан

Яғни, сәуір айының басында-ақ тұрақты түрде сенбіліктер ұйымдастырып, станция аумағы мен теміржол өткелдерінің маңынан 60 қаптан астам қоқыс шығарылған. Сондай-ақ атаулы күнге арнайы дайындық жұмыстары аясында тауар кеңсесі мен станция кезекшісінің бекеті, пойыз құрастырушылардың бөлмесі сынды тұрмыстық және әкімшілік ғимараттарға ағымдағы жөндеу жүргізілген.

– Бір айға жоспарланған жұмысты қолға алмай тұрып, алдымен 5 станция кезекшісі мен 5 пойыз құрастырушыға, 9 жүк қабылдап-тапсырушы мен 2 тауар кассиріне еңбек қорғау мен қауіпсіздікті сақтауға қатысты нұсқаулықтар мұқият таныстырылды. Оған қоса «қызметтік міндеттеме», «биіктіктегі жұмыс», «сенбіліктегі жұмыс» деп аталатын арнайы санатпен мекеменің барлық қызметкеріне қауіпсіздікке қатысты түсіндіру жұмыстары жүргізілді, – дейді станция бастығы Қуаныш Наурызбайұлы.

Осылайша сәуір айының басында



қолға алынған жоспарлы жұмыс нәтижесінде станция қызметкерлерінің өз күшімен 16 ескерту және хабарландыру тақтасы адам көп жүретін жерлер мен станция маңындағы өткелдерге ілінген. Келеңсіз жағдай мен адам өмірі және денсаулығына қауіп төндіретін сәттерден сақтандыру мақсатында «вагон астынан өтуге тыйым салынады», «белгіленбеген жерден өтуге болмайды», «платформаға жақын тұру – адам өміріне қауіпті», «станция маңындағы желіге жақындауға тыйым салынады» деген сияқты ескерту парақшалар да жергілікті тұрғындар мен жаяу жүргіншілерге таратылған.

Сонымен қатар айлық шара аясында теміржолға жақын орналасқан 18 үйге манкенттік теміржолшылар арнайы барып, қауіпсіздік ережелеріне қатысты және тазалықты сақтау бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізген.

Суретті түсірген автор

ЖАРАҚАТҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Семей ЖТ бөлімшесінде салалық кәсіподақ ұйымының бастамасымен 28 сәуір – Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне және Қазақстан темір жолының 120 жылдығына орай «Кәсіпорын-дардағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын сақтау» тақырыбында семинар өткізілді.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Іс-шараға Абай облысы Кәсіподақтар орталығының төрайымы Зәуреш Исабаева, Абай облысы Кәсіподақтар орталығының құқықтық мәселелер мен медиация жөніндегі бас маманы Ержан Разбеков, т.б. жауапты мамандар қатысты. Сонымен қатар Астанада Кәсіподақтың орталық кеңесінен бас техникалық инспектор Қайрат Қазизтайұлы Мұқанов арнайы келді. Және желі бойындағы барлық мекемелердің кәсіподақ төрағалары да жиналды. Көпшілік өндіріс орнында қаза болған азаматтарды бір минуттық үнсіздікпен еске алды.

«Қазкөліккәсіп» ҚБ Семей өңірі бойынша өкілі Есен Қажығұлов тақырыптық баяндама жасады. Ол өндірістік жарақаттану деңгейі жұмыс орнындағы қауіпсіз жағдайларды бағалаудың негізгі көрсеткіштерінің бірі екендігін, осы орайда қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін жазатайым оқиғалардың алдын



алу бағытында жүйелі жұмыс жүргізудің маңыздылығын сөз етті. Бұл орайда ұлттық компания тарапынан қолға алынған игілікті шаралар қатарына да кеңінен тоқталып өтті.

Облыстық Кәсіподақтар орталығының төрайымы Зәуреш Рамазанқызы еңбекті қорғаудың мақсаты, жұмыс берушілердің міндеттері жайлы сөз етті. Бұл орайда кәсіподақтың да жауапкершілігі жоғары екенін айтты. Абай облысы еңбекті қорғау және қауіпсіздікті бақылау бөлімінің басшысы Тоқтарбек Түсіпбаев өткен жылы облыс кәсіпорындарында орын алған

жазатайым оқиғалармен таныстырды. Айтуынша, өткен жылы 88 оқыс оқиға орын алып, бірқатары кісі өлімімен аяқталған. Соның ішінде Семей Орманы мекемесінде орман өрті салдарынан 15 қызметкер қаза тапқан болатын. Мұның сыртында 31 ауыр жарақат, 18 орташа деңгейдегі, 37 жеңіл деңгейдегі жарақат алған еңбеккерлер де бар. Осы орайда Ұлттық компания бөлімшелері мен еншілес ұйымдарында өндірістік жарақат төмен екенін алға тартқан спикер теміржол саласында еңбекті қорғау жүйелі жүргізілетінін жоғары бағалады.

Ал ұлттық компания бойынша қолға алынған еңбекті қорғау шаралары жөнінде бөлімше бастығының орынбасары Ерғазы Жұмаділов сөз етті. Теміржолдың қауіптілігі аса жоғары аймақ екенін жеткізген Ерғазы Төлентдіұлы бұл орайда ұтымды жұмыс жүргізу мақсатында ұлттық компания тарапынан қомақты қаражат бөлінетінін, мамандар даярлықтан өтетінін таратып айтты.

– Басты мақсат – нөлдік травматизм. Әзірге оған толық қол жеткізе қойған жоқпыз. Алайда, осы жолда барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жұмыс жүргізіп жатырмыз, – деді бөлімше басшысының орынбасары өз сөзінде.

Абай облысы Кәсіподақтар орталығының құқықтық мәселелер мен медиация жөніндегі бас маманы Ержан Разбеков еңбек дауларын сотқа жеткізбей реттеу жайлы сөз қозғап, осы мақсатта қала орталығынан жаңадан кеңсе ашылғанын жеткізді.

Жыын барысында Семей магистральдық желі бөлімшесінің еңбекті қорғау бөлімінің бастығы Жомарт Шапишев те сөз алып, тақырыпқа байланысты нақты мысалдармен баяндама жасады. Семей бөлімшесінің еңбек қорғау жөніндегі техникалық инспекторлары Ұжымдық шартқа және еңбекті қорғау мәселелеріне қатысты маңызды мәселелерді талқыға салды.

Суретті түсірген автор

МҰНЫ БІЛҮІ ТИІС

Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде еңбек қорғау және экология бөлімі мен кәсіподақ ұйымының ұйымдастыруымен Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне орай «Климаттың өзгеруінің еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасына әсері» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Жұмыс орнында қаза тапқандарды бір минуттық үнсіздікпен еске алған қатысушыларға тақырыпқа орай дайындалған жадынамалар таратылды. Жиынды ашқан бөлімше бастығының АСУ жөніндегі орынбасары Болатбек Мендешев бұл күннің маңыздылығын атап өтіп, еңбек туралы заң, қауіпті өндірістік фактор, өндірістік-тұрмыстық жағдай, арнайы киім, т.б. туралы кеңінен әңгіме өрбітті.

Жыныға арнайы шақырылған облыстық төтенше жағдайлар департаменті мамандары теміржолшыларды қатыстыру арқылы алғашқы медициналық көмек көрсету қағидасын, сондай-ақ түтінге не газға уланғанда, өрт шыққанда, суға кеткенде, суға түшсеңдерде, т.б. төтенше жағдайларда қандай іс-әрекет жасау керектігін көрсетті. Себебі адамдар алғашқы медициналық көмек көрсету жөніндегі білімнің жоқтығынан жанындағы адамдарға, кейде тіпті туысы, танысы немесе досына көмек көрсете алмай

жатады. Мамандар сондай-ақ аяғы не қолы сынған сәтте қандай әрекет жасау, вена мен артерия қан тамырларының айырмашылығы, қанды қалай тоқтату, көз қарашығының жарық сезгіштігін, тамыр соғысын қалай байқау, т.б. көптеген әдіс-тәсілдерді іс жүзінде көрсетті. Бұл жайттарды білу әр маман үшін, соның ішінде еңбек қорғау инженерлері үшін аса қажет. Сол себепті де сұрақ көп болды...

Шара барысында қатысушылар бірнеше командаға бөлініп, ситуациялық жағдайларда қалай шұғыл әрі ұтымды әрекет ету қажеттігі туралы ойын-сынақтардан өтіп, викториналық сұрақтарға жауап берді. Соңында еңбек қорғау саласында жетістікке жеткен мамандар бөлімше бастығы және кәсіподақ төрағасының Алғыс хатымен марапатталды.

– Алғашқы тоқсан қорытындысы бойынша өндірісте жазатайым оқиға болған жоқ. Қауіпсіздік пен еңбек қорғауды қамтама-



сыз ету мақсатында басшылар тарапынан кенеттен тексеру жүргізу, станцияларда жұмысшылармен технологиялық процесті, қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтауды қадағалау жұмыстары үнемі жүргізіліп отырады. Қауіптілігі аса жоғары аймақта еңбек ететін жұмысшыларға қауіпсіз жұмыс жасау іс-тәжірибесін көрсету бойынша сабақтар өтіп, оған пойыз құрастырушылар, белгі беруші, жүк қабылдаушылар, вагон қараушылар, т.б. қатысты. Өрттен сақтану, экология, өндірістік және өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша да қажетті шаралар жүзеге асырылып келеді. Станцияларда «Қауіпсіздік диалогы», «Өндірістік қауіпсіздіктің он екі негізгі ережесі», т.б. тақырыптарда көрнекі жадынамалар ілінген. Ал жазғы-қысқы арнаулы киіммен және арнайы қорғаныс құралдарымен бөлімше жұмысшылары 100 процент қамтамасыз етілген, – дейді қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімінің бастығы Салтанат Нұрсұлтанова.

Суретті түсірген автор

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – «Жамбыл ЖТ бөлімшесі» филиалының Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік және экология қызметінің жетекші инженерлері Ә.Түлеков пен М.Меделбай Тараз көлік және коммуникация колледжінің студенттермен кездесті.



БІЛІМ – БАРЛЫҚ ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Кездесуде теміржолшылар болашақ мамандарға еңбек қауіпсіздігін сақтау, қауіп-қатердің алдын алу жолдары туралы әңгімеледі. Жастармен ашық диалог форматында өткен шара 28 сәуір – Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне орай ұйымдастырылғанын айту керек.

Іс-шарада еңбекті қорғаудың ең тиімді жолы – үйрену және үйрету екенін, көптеген өндірістік жарақаттардың теориялық білімнің, тәжірибенің жоқтығынан туындайтынына тоқталған колледж директорының оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Ж.Тайбеков кездесуге практик мамандар шақырылғанын атап өтті.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласына жауапты мамандар студенттерге теміржол саласында өндірістегі қауіпсіздік мәселесі бірінші орында тұратынын түсіндірді.

Жұмысшының денсаулығына кері әсер ететін түрлі факторлардан қорғап, сақтандыру – жұмыс берушінің міндеті екені түсінікті. Ал қауіпсіздік талаптарын сақтау, өндірістік жабдықтар мен құрылғыларды сауатты қолдану ережесін естен шығармау – жұмыскердің жеке жауапкершілігі. Осыны баса айтқан теміржолшылар теориялық білім мен практикалық дағды барлық қауіптің алдын алатынын еске салды.

Кездесу соңында «Теміржол аймағы – қауіпті аймақ» ережесі жазылған жадынамалар таратылды.

Суретті түсірген автор

ТАҒЛЫМЫ МОЛ ШАРА

Қызылорда теміржолында аймақтағы қос бөлімшенің еңбек қорғау инженерлерінің ұйымдастыруымен танымдық та, тағлымдық әсері мол жиын өтті.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Алғашқы сөз кезегін алған Қызылорда қосалқы бөлімінің бас инженері Кұлхан Белкібаев былғы Дүниежүзілік еңбек қорғау күнінің тақырыбы Климат өзгеруінің еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасына әсерін қазіргі жағдайлармен байланыстыра отырып баяндама жасады, аймақтағы ауа-райына қатысты орын алу мүмкін жағдайлардан мысал келтіріп, сақтануға шақырды.

– Климаттың өзгеруі сала еңбеккерлері жұмысында маңызды фактор саналатындықтан «ҚТЖ-ЖТ» ЖШС бас инженері М.Көкірекбаевтың факсограммасына сәйкес бүгінгі шараны ұйымдастырып, түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Себебі кейбір салалық мекемелердің теміржолшылары тәуелі бойы ашық аспан астында жұмыс жасайды. Ауа температурасының өзгеруі аймақта құрғақшылыққа, су тасқынына, жаздығүні ыстық аптап желге, қыста қақаған аязға, өрт тұтану қаупіне, қоршаған ортаның түрлі деңгейде залалдану әсері теміржолшылардың денсаулығына қауіпті саналады. Біздер осындай қауіптің алдын алу үшін бекеттерде жылу жүйелерін көмірден газбен



жылытуға көшірдік. Теміржолшылардың аптап ыстықта жұмыс жасамауы үшін ішкі бұйрық бойынша таңғы және кешкі салқинда жұмыс кестесі жасалады. Яғни таңғы салқинда жұмыс істеп, түскі аптап ыстықта жұмысшы қорғанып тынығуына жағдай жасалуы керек, – деді бас инженер Кұлхан Белкібаев.

Жиын барысында арнайы шақырылған «Medium bapic» серіктестігінің қызметкері Нұрлыбек Қалдыбек жазатайым оқиға орын алған жағдайда көрсетілетін алғашқы дәрігерлік көмек тәсілдерін көрсетті. Кездесу соңында еңбек қорғауда елеулі табысқа жеткен Қызылорда станциясының жүк қабылдап-тапсырушысы Бақтияр Асанов, парк кезекшілері Бектас Сергебаев, Ералы Жеңсікбаев, Белкөл станциясының операторлары Үлмира Оңғарбаева мен Самат Асқаровқа алғыс айтылып, бағалы сыйлықтар табыс етілді. Ал магистральдық желі бөлімшесі басшылығының Алғыс хаты салалық мекемелерде еңбек қорғау талаптарын сақтауда жоғары нәтижеге қол жеткізген мекемелерге берілді.

Суретті түсірген автор

АТАУЛЫ КҮНДЕ АЛҒЫСҚА ИЕ БОЛДЫ

Қазығұрт және Түркістан станцияларында Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне арналған ауқымды іс-шаралар легі «Климаттың өзгеруінің еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасына әсері» тақырыбында ұйымдастырылды.

Ақылбек ӘМЗЕ,
Түркістан облысы

Станция басшысы Баянды Раманқұлов пен еңбек қорғау инженері Алтынай Пірматова бастап, еңбек қорғау жөніндегі техникалық инспектор Бақыт Ағымсалов пен пойыз құрастырушы Еркын Мейірбеков сынды азаматтардың белсенді атсалысуымен қауіпсіздікті сақтауға қатысты жоспарлы жұмыстар іске асырылды.

– Бұл жолы бекітілген тақырып – әсіресе біздің оңтүстік өлкеде кеңінен насихаттауды қажет ететіні сөзсіз. Себебі біздің жақта адамдарға күн сәулесі мен ыстықтың өту қаупі өте жоғары. Сондықтан күннен қорғанудың амал-әрекеттері мен оның себеп-салдарына қатысты түсіндіру жұмыстары жүргізілді, – дейді станция бастығы Б.Раманқұлов.

Еңбек қорғау инженері Алтынай Пірматова темір жол белгісі мен жол бойында құлақпаппен жүруге тыйым салынатыны және ұялы телефон пайдалануға болмайтыны жөнінде 22 ескерту тақтайшасы мен темір жол



бойындағы техникалық қауіпсіздікті сақтау ережелері жазылған 10 баннер көпшілік көзі түсетін жерлерге ілінгенін жеткізді.

Сонымен қатар жұмысшылар сақтауы тиіс талап-міндеттерге қатысты техникалық сабақтар ұйымдастырылып, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталып, бірнеше күнге жалғасқан шараға белсенді қатысқан теміржолшылар мен еңбек қауіпсіздігі талаптарын және өндірістік жарақаттың алдын алу мақсатында өз міндетін мінсіз орындағандар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Түркістан станциясында да станция бастығы Қадыр Сырлыбеков пен бас инженер Сұлтан Базарбай, еңбекті қорғау инженері Ләззат Рысбаева мен кәсіподақ ұйымының төрағасы Бауыржан Дүйсебековтің ұйымдастыруымен бірнеше күнге жалғасқан іс-шаралар легі өтіп, теміржолшылар арасында кеңінен насихатталды.

– Темір жол қауіпті аймақ болғандықтан, теміржолшылардың еңбек ортасы қауіп-қатерден алыс емес екені белгілі. Еңбекті қорғау күніне орай

техникалық кабинетке тақырыптық баннер ілініп, жұмысшыларға қауіпсіздік ережелері жазылған жадынама таратылды, – дейді еңбекті қорғау инженері Ләззат Рысбаева.

Бүгінде станция теміржолшылары арнайы киім-кешек, қорғаныс құралдарымен түгел қамтамасыз етілген. Зиянды факторларда жұмыс істейтіндердің жаалақысына арнайы ұстамақ төленіп, кезекті еңбек демалысына қосымша күндер есептеледі және сүт тегін таратылады.

Айтулы күнге орай ұйымдастырылған апталық шара аясында, күнделікті жұмыста өзінің тәртібімен, еңбекқорғауға деген жанашыр көзқарасы мен ұстанымымен көзге түскен бірқатар жұмысшылар – пойыз құрастырушы Бақытжан Молдабаев пен Абзал Бижанов, парк кезекшісі Тәукехан Ағыбаев пен вагон қозғалысының жылдамдығын реттеуші Арнұр Өтебеков, жүк қабылдап-тапсырушылар Өмірсерік Тойлыбаев пен Мақсұт Тамғабаев сынды азаматтар станция бастылығы тарапынан марапатқа ие болды.

Суретті түсірген автор

В ФОКУСЕ – ЖИЗНЬ И ЗДОРОВЬЕ

Влияние изменения климата на производственную безопасность и здоровье работников, улучшение условий труда и снижение профессиональных рисков обсудили на совместном онлайн-семинаре профсоюзного актива железнодорожного узла «Астана» с коллегами из России и Беларуси.

Любовь РОВБА,
Астана

В мероприятии, посвященном Всемирному дню охраны труда, приняли участие более 60 представителей филиала «Астана» АО «Казпрофтранс», Дорожной территориальной организации «Роспрофжел» на Октябрьской железной дороге и «Белтпрофтранс».

Семинар организован в рамках дорожной карты по выполнению меморандума о приграничном взаимодействии и сотрудничестве между странами.

Всемирный день охраны труда традиционно отмечается 28 апреля. В 2024 году он проходит под девизом: «Влияние изменения климата на безопасность и гигиену труда». Именно эта тема стала главной на повестке международного онлайн-семинара. Участники обсудили взаимодействие профсоюза и работодателя в обеспечении благоприятных условий труда и быта сотрудников, адаптации рабочих мест к новым климатическим реалиям, роль общественного контроля в повышении производственной безопасности и другие.

– Для отраслевого профсоюза все, что касается охраны окружающей среды, тесно связано с охраной здоровья работающего человека и будущих поколений от неблагоприятных воздействий как естественного, так и техногенного происхождения, – подчеркнул в своем докладе

председатель филиала «Астана» АО «Казпрофтранс» Серик Сарсекеев. Он добавил, что профсоюзным организациям филиала поручено принять активное участие в мероприятиях Всемирного дня охраны труда, в том числе в проведении информационно-разъяснительной кампании, чтобы сформировать среди коллег осознанное понимание профессиональных рисков, связанных с изменением климата. Кроме того, необходимо

“ для отраслевого профсоюза все, что касается охраны окружающей среды, тесно связано с охраной здоровья работающего человека и будущих поколений от неблагоприятных воздействий как естественного, так и техногенного происхождения.”

усилить общественный контроль за охраной природной и производственной среды.

Серик Сарсекеев проинформировал об изменениях в законодательстве страны, которые позволили улучшить состояние безопасности и охраны труда на рабочих местах. Во многом этому способствовала проведенная членами Федерации профсоюзов РК (ФПРК) совместная работа.

– В настоящий момент Правительством по настоянию профсоюзов принято решение о передаче инспекции труда от местных исполнительных органов в ведение Министерства труда и социальной защиты населения, – сказал Серик Сарсекеев. – В

связи с этим ФПРК предложила законодательно закрепить полномочия технических инспекторов.

Говоря о мерах, принимаемых АО «НК «КТЖ» для повышения уровня производственной безопасности и создания благоприятных условий труда, Серик Сарсекеев рассказал о присоединении компании к международной программе Vision Zero – концепции достижения «нулевого травматизма», что позволило

перейти на качественно новый уровень развития. – Руководством КТЖ подписан документ, дающий право каждому работнику компании в случае выявления опасностей, несущих прямую угрозу жизни и потери здоровья, остановить небезопасные работы. Регламентирован процесс выявления и идентификации рисков, – сообщил он. – В настоящее время все подразделения компании перешли на безбумажный учет реестров опасностей и рисков.

Подробно спикер рассказал о внедренных цифровых платформах и модулях для достижения нулевого травматизма и других мерах превентивного контроля. – По инициативе профсоюза в

